

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі әзірлеген "Денсаулық сақтау желілері, кадрлары және қызметі туралы есеп (коды 7011204, индексі 1-денсаулық, кезеңділігі жылдық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын және оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы "

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2011 жылғы 15 наурыздағы № 73 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 25 сәуірде № 6904 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2012 жылғы 14 наурыздағы № 75 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Статистика агенттігі төрағасының 2012.03.14 № 75 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1 . М ы н а л а р :

1) «Денсаулық сақтау желілері, кадрлары және қызметі туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 7011204, индексі 1-денсаулық, кезеңділігі жылдық) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) «Денсаулық сақтау желілері, кадрлары және қызметі туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 7011204, индексі 1-денсаулық, кезеңділігі жылдық) толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Құқықтық және ұйымдық қамтамасыз ету департаменті Стратегиялық даму департаментімен бірге заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін .

3. Стратегиялық даму департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мүдделі құрылымдық бөлімшелері және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

КҰЖЖ Код ОКПО	к о д ы	
Б С Н код БИН	к о д ы	
С Т Н РНН	к о д ы	
Ж С Н Код ИИН	к о д ы	

1-бөлім. Денсаулық сақтау ұйымдарының негізгі көрсеткіштері
Раздел 1. Основные показатели организации здравоохранения
0001 Медицина қызметкерлерінің саны
0001 Численность медицинского персонала

	Жол коды Код строки	Барлық дәрігерлер (қоса атқару бойынша қабылданған дәрігерлерді қоспағанда) Всего врачей (кроме врачей, принятых по совместительству)	Оның ішінде әйелдер Из них женщины
А	Б	1	2
Есепті жылдың соңына барлық мамандықтағы дәрігерлердің саны исленность врачей всех специальностей на конец отчетного года	01		
одан: из них:			
терапевтік бағдардағы терапевтического профиля	02		X
хирургиялық бағдардағы хирургического профиля	03		X
педиатрлар (неонатологтарды, жедел және шұғыл медициналық көмек көрсететін педиатр-дәрігерлерді қоса есептегенде) педиатров (включая неонатологов, врачей-педиатров скорой и неотложной медицинской помощи)	04		X
акушер-гинекологтар (балалар гинекологін қоса есептегенде) акушеров-гинекологов (включая детских гинекологов)	05		X
фтизиатрлар фтизиатров	06		X
стоматологтар стоматологов	07		X
офтальмологтар офтальмологов	08		X
отоларингологтар отоларингологов	09		X

<p>аудандық орталық, аудандық ауруханалар (ауылдық және ауылдық учаскелік ауруханаларды қоспағанда) центральные районные и районные больницы (без сельских и сельских участковых больниц)</p>	14					
<p>ауылдық учаскелік, учаскелік ауруханалар (дербес және аудандық орталық аурухананың құрамына кіретін ауруханаларды қосқанда) сельские и сельские участковые больницы (самостоятельные и входящие в состав центральной районной больницы)</p>	15					
<p>перзентханалар родильные дома</p>	16					
<p>перинаталдық және қайта жаңғыру орталықтары перинатальные центры, центры репродукции человека</p>	17					
<p>төсегі бар диспансерлер диспансеры, имеющие койки</p>	18					
<p>паллиативтік көмек және мейірбикелік күтім көрсететін ұйымдар организации, оказывающие паллиативную помощь и сестринский уход</p>	19					
<p>стационарлық көмек көрсететін республикалық денсаулық сақтау ұйымдары (ғылыми-зерттеу институттарын, ғылыми орталықтар мен жоғарғы оқу орындарының клиникаларын қосқанда), б а р л ы ғы республиканские организации здравоохранения, оказывающие</p>	20					

стационарную помощь (включая клиники научно-исследовательских институтов, национальных центров и высших учебных заведений), всего

0 0 0 3

Т ө с е к

қ о р ы

0003 Коечный фонд

	Жол коды Код строки	Барлығы Всего	Оның ішінде балаларға арналған Из них для детей
А	Б	1	2
Аурухана төсек-орны, барлығы Больничных коек, всего	01		
о н ы ң в том числе:			
і ш і н д е :			
терапевтік бағдардағы науқастарға арналғаны для больных терапевтического профиля	02		
хирургиялық бағдардағы хирургического профиля	03		
онкологиялық (радиологиялықты қоса) онкологических (включая радиологических)	04		
гинекологиялық (түсік жасайтын төсек-орынды қоса) гинекологических (включая койки для производства абортв)	05		
туберкулездік туберкулезом	06		
жұқпалы инфекционных	07		
офтальмологиялық офтальмологических	08		
отоларингологиялық отоларингологических	09		
дерматовенерологиялық дермато-венерологических	10		
психиатриялық (психоневрологиялық, психотерапевтік) психиатрических (психоневрологических, психотерапевтических)	11		
наркологиялық наркологических	12		
неврологиялық неврологических	13		
жүкті және босанатын әйелдер (жүктілік патологиясын қоса)			

оның ішінде: в том числе:						
д е р б е с амбулаториялық-емханалық ұйымдар, барлығы самостоятельные амбулаторно-поликлинические организации, всего	02					
оның ішінде: в том числе:						
е м х а н а л а р поликлиники	03					
балалар емханалары детские поликлиники	04					
консультативтік-диагностикалық емханалар мен орталықтар консультативно-диагностические поликлиники и центры	05					
орталық аудандық емханалар центральные районные поликлиники	06					
аудандық емханалар районные поликлиники	07					
ауылдық емханалар сельские поликлиники	08					
әйелдер консультациялары женские консультации	09					
б а с т а п қ ы медициналық-санитарлық көмек орталықтары центры первичной медико-санитарной помощи	10					
дәрігерлік амбулаториялар врачебные амбулаторий	11					
стоматологиялық емханалар стоматологические поликлиники	12					
дербес стоматологиялық кабинеттер самостоятельные стоматологические кабинеты	13	x	x	x		
ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес орталықтары центры по профилактике и борьбе со СПИД	14					
диспансерлер (төсек-орынсыз) диспансеры (без коек)	15					
ауруханалық және амбулаториялық-емханалық ұйымдардың құрамына кіретін						

амбулаториялық-емханалық бөлімшелер амбулаторно-поликлинические отделения, входящие в состав больничных организаций и амбулаторно-поликлинические организации	16						
оның ішінде: в том числе:							
ауруханалық ұйымдардың құрамына кіретін дәрігерлік амбулаториялар врачебные амбулатории в составе больничных организаций	17						
амбулаториялық-емханалық ұйымдардың құрамына кіретін дәрігерлік амбулаториялар врачебные амбулатории в составе амбулаторно-поликлинических организаций	18						
ауруханалық ұйымдардың құрамына кіретін амбулаториялық-емханалық бөлімшелер амбулаторно-поликлинические отделения в составе больничных организаций	19						
ауруханалық ұйымдардың құрамына кіретін амбулаториялық-емханалық бөлімшелер амбулаторно-поликлинические отделения в составе больничных организаций	20						
басқа денсаулық сақтау ұйымдарының құрамына кіретін стоматологиялық бөлімшелер (кабинеттер) стоматологические отделения (кабинеты), в составе других организаций здравоохранения	21						

0005 Басқа медициналық ұйымдар
0005 Другие медицинские организации

	Жол коды Код строки	Ұйымдар саны Число организаций	Орындалған шақыртулардың саны Число выполненных вызовов	Амбулаториялық көмек көрсетілген адамдардың саны Число лиц, которым оказана помощь амбулаторно
А	Б	1	2	3

Жедел медициналық жәрдем станциялары Станции скорой медицинской помощи	01			
Басқа ұйымдардың құрамына кіретін жедел медициналық жәрдем бөлімшелері станциялары Станции (отделения) скорой медицинской помощи, входящие в состав других организаций	02			
Санитарлық-эпидемиологиялық ұйымдар, барлығы Санитарно-эпидемиологические организации, всего	03		x	x
соның ішінде: в том числе:				
мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары управления государственного санитарно-эпидемиологического надзора	04		x	x
мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау орталықтары центры государственного санитарно-эпидемиологического надзора	05		x	x
дезинфекциялық станциялар дезинфекционные станции	06		x	x
обаға қарсы станциялар противочумные станции	07		x	x
Республикалық санитарлық эпидемиологиялық станция Республиканская санитарно-эпидемиологическая станция	08		x	x
Ғылыми орталықтар Научные центры	09		x	x
Қан орталық ұйымдары Организации службы крови	10		x	x
Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталықтары Центры формирования здорового образа жизни	11		x	x
Сот медицинасы орталығы (бюросы) Центры (бюро) судебной медицины	12		x	x
Патологоанатомиялық бюро Патологоанатомическое бюро	13			

ересектерге арналған д л я взрослых	02																			
балаларға арналған для детей	03																			

А т а у ы

Наименование _____

М е к е н - ж а й ы

Адрес _____
Тел.: _____

**Электрондық почта
м е к е н - ж а й ы**

Адрес электронной почты

Орындаушының аты-жөні және телефоны _____

Фамилия и телефон исполнителя _____

Басшы

Руководитель _____
(Аты-жөні, тегі, қолы)
(Ф.И.О., подпись)

Бас бухгалтер

бухгалтер _____ Главный
(Аты-жөні, тегі, қолы)
(Ф.И.О., подпись)

Қазақстан Республикасының
Статистика агенттігі төрағасының

2011 жылғы 15 наурыздағы

№ 73 б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

«Денсаулық сақтау саласындағы желілер, кадрлар және қызметтер туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 7011204, индексі 1-денсаулық, кезеңділігі жылдық) толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы Нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және «Денсаулық сақтау саласындағы желілер, кадрлар және қызметтер туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 7011204, индексі 1-денсаулық, кезеңділігі жылдық) толтыру тәртібін нақтылайды.

2. Есепті осы Нұсқаулықтың қосымшасына сәйкес халыққа медициналық

қызмет көрсету ұйымдарымен құрастырылады:
барлық меншік нысанындағы, ведомстволық тиістіліктегі дербес
медициналық ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері;
негізгі ұйымнан бөлек болатын, медициналық ұйымдардың құрылымдық
б ө л і м ш е л е р і ;

министрліктің, ведомстволардың медициналық қызметтері;
әлеуметтік қамтамасыз ету мекемелері;
медициналық ғылыми-зерттеу институттары;
кадрларды даярлау жөніндегі ұйымдар;
денсаулық сақтау органдарын басқару аппараттары;
санитариялық-эпидемиологиялық ұйымдар.

Есеп алғашқы есептік құжаттамалардың негізінде толтырылады.

3. Заңды тұлға басқа облыстардың аумағында орналасқан және мемлекеттік статистиканың аумақтық тұрған жеріндегі есеп беретін өзінің құрылымдық бөлімшелері мен оқшауланған бөлімшелер бойынша деректерсіз өзінің орналасқан жері бойынша статистикалық нысанды ұсынады.

4. 1-бөлімнің 0001 «Медициналық қызметкерлердің саны» кестесін меншік нысанына қарамастан барлық ұйымдар толтырады.

Медициналық кадрлар бойынша мәліметтер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 742 бұйрығымен бекітілген «Медициналық және фармацевтикалық кадрлар туралы есеп» 17-нысан бойынша денсаулық сақтау органы ұсынған деректерге сәйкес келеді (б ұ д а н ә р і – 1 7 - н ы с а н).

Есепте медицина қызметкерлерінің сандық құрамы, яғни шетелдік іссапарлардағы, декреттік демалыстағы, ұзақ уақыт бойы ауырған негізгі жұмыстағы және оларды алмастыру үшін уақытша қабылданған, бұл қызметкерлер басқа ұйымдардың тізімдерінде тұрмаған жағдайда көрсетіледі.

Дәрігерлердің санына емдеудегі, санитарлық ұйымдардағы, әлеуметтік қамтамасыз ету мекемелерінде, медициналық ғылыми-зерттеу институттарындағы, сондай-ақ кадрларды даярлау ұйымдарындағы, денсаулық сақтау органдарының аппаратында жұмыс істейтін жоғары медициналық білімі бар барлық дәрігерлер қамтылады.

Мамандықтары бойынша дәрігерлерді есепке алу үшін мынандай ірі жіктеме-лер ұсынылады:

1) терапия бейініндегі дәрігерлер санына:
терапевттер (жасөспірімдер терапевті, жедел және шұғыл жәрдем дәрігерлері, диетологтар) кардиологтар, эндокринологтар, аллергологтар және иммунологтар, гематологтар, медициналық оналту және қалпына келтіре емдеу дәрігерлері, (физиотерапевтар, емдік-денешынықтыру дәрігерлері), инфекционистер,

ревматологтар, кардиоревматологтар, гастроэнтерологтар, пульмонологтар, нефрологтар, генетиктер, функционалды диагностика бойынша дәрігерлер, рефлексотерапия, су-джок терапия, гомеопатия, гирудотерапия, фитотерапия) к і р е д і ;

2) хирургиялық бейінді дәрігерлер санына: хирургтар (торакальдық, абдоминалды хирургтар, трансплантологтар, колопроктологтар), балалар хирургі, ангиохирургтар, пластикалық хирургтар, травматологтар-ортопедтер (камбустиологтарды қоса алғанда), анестезиологтар-реаниматологтар, урологтар және андрологтар, нейрохирург, бет-жақ хирургтары, кардиохирургтар; ф т и з и а т р л а р ; н е в р о п а т о л о г т а р ; наркологтарды, психотерапевттерді, сексопатологтарды, медициналық психологтарды, сот-психиатриялық сарапшыларды, сот-норкологиялық сарапшыларды қоса алғанда психиатрлар; о ф т а л ь м о л о г т е р ; о т о л а р и н г о л о г т е р ; неонтологтар, жедел және шұғыл медициналық жәрдем педиатр дәрігерлерін қоса алғанда, п е д и а т р л а р ; балалар гинекологтарын қоса алғанда акушер-гинекологтар; дерматокосметологтерді қоса алғанда дерматовенерологтар; с т о м а т о л о г т а р , басқа да дәрігерлік мамандықтар кіреді.

Орта медицина қызметкерлерінің жалпы санына медициналық ұйымдарда жұмыс істейтін орта медициналық білімі бар барлық жеке тұлғалар кіреді.

5. 2-бөлімде «Денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі» әрбір ұйым оның үлгісіне сәйкес келетін кестені толтырады: «Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары» 0002-кестесін немесе «Амбулаториялық - емханалық ұйымдар» 0004-кестесін. Егер стационарлық немесе амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін қандайда бір үлгідегі денсаулық сақтау ұйымына кесте қарастырылмаған жағдайда олардың көрсеткіштері бойынша бар деректер тек қана 0002 немесе 0004 кестелерінің негізгі жолына е н г і з і л е д і .

0002-кестесін толтыру кезінде 3-бағанда стационарға жаңадан келіп түскен науқастардың саны, 4-бағанда - ауылдық жерде тұратын науқастардың саны к ө р с е т і л е д і .

«Науқастардың өткізген төсек-күндері» 5-бағандағы ақпарат Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 22 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген «Стационар, бөлімше және төсек бейіні бойынша

науқастардың қозғалыстарын және төсек қорын есепке алудың жиынтық ведомості» деген № 016/е нысаны негізінде қалыптасады.

6. «Төсек қоры» 0003-кестені толтыру кезінде ересектер үшін де, балалар үшін де мынандай іріленген жіктеме қолданылады:

терапиялық бейін науқастары үшін (02-жол) - терапиялық, кардиологиялық, ревматологиялық, гастроэнтерологиялық, аллергологиялық, эндокринологиялық, гематологиялық, нефрологиялық, пульмонологиялық науқастар үшін төсектер;

хирургиялық бейін науқастары үшін (03-жол)- хирургиялық, нейрохирургиялық, нейротамырлық, кардиохирургиялық, травматологиялық, ортопедиялық, урологиялық, іріндік, торакалдык, тамырлық, жақ-бет, проктологиялық және күйік науқастар үшін төсектер;

жалпы төсектер (16-жол)- мамандандырылмаған төсектер; науқас балалар үшін (2-бағанда) балаларды емдеуге арналған барлық бейін төсектері .

қалпына келтіре емдеу және медициналық оңалту үшін (21-жол) стационарда қандай бейіндер ашылғанына қармастан «Қалпына келтіре емдеу және медициналық оңалту ұйымдарына» жататын ұйымдардың төсектерін көрсетіледі.

7. «Амбулаториялық-емханалық ұйымдар» 0004-кестесін толтыру кезінде халыққа амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін, дәрігерлік ұйымдардың санына амбулаториялық қабылдау жүргізетін барлық медициналық ұйымдар (емханалар, амбулаториялар, диспансерлер, ауруханалық ұйымдардың емхана бөлімдері, дәрігерлік амбулаториялар және басқа дәрігерлік ұйымдар) кіреді.

Жеке тәжірибелейтін дәрігерге қаралу саны осы кестенің 01 жолында көрсетіледі .

Егер ұйымның өзінің құрылымында стоматологиялық бөлімшесі (кабинет) болса, онда стоматологиясыз қаралулар көрсетіледі, стоматологиялық қызмет бойынша қызмет «денсаулық сақтау ұйымдарының басқа құрамындағы стоматологиялық бөлімше (кабинеттер)» 20-жол бойынша көрсетіледі.

Амбулаториялық-емханалық ұйымдар (бөлімшелер) жоспарлы қуаты – бір ауысымдағы дәрігерлерлік қабылдау саны «Амбулаториялық-емханалық ұйымдар қуаты (бөлімшелер, кабинеттер)» көрсеткіштерін толтыру үшін негіз болып табылады. «Бір ауысымдағы қабылдаулардағы» жобалық қуат көрсетілген үлгі немесе жеке жоба бойынша салынған ұйымдар үшін жоспарлы қуат тең жобада қабылданады. Егер жобалық қуат күніне қаралу санымен айқындалса, онда жоспарлы қуат жобалықтан 60% теңдікте қабылданады. Жобаның құжаттамасы болмаған жағдайда жоспарлы қуат есеппен анықталады: жылына қаралудың жалпы саны – емхана 307 күн жұмыс істеген және барлық қаралу 1 ауысымға есептегенде барлық қаралудың 60% жағдайында ауысымдық жылдық көрсеткіштер санын қайта есептеу коэффициенті 512-ге бөлінеді, немесе жыл

бойы дәрігерлер жасаған қараулардың жалпы саны (307 күн) жылына емханалық ұйымдардың жұмыс күні санына бөлінеді және бірінші ауысымға келетін (60%) үлес салмағына (қаралу пайызы) көбейтіледі.

«Басқа медициналық ұйымдар» 0005 және «Балалар үйі» 0006-кестелері алғашқы дәрігерлік құжаттаманың мәліметі бойынша толтырылады.

8. «Басқа медициналық ұйымдардың» 0005-кестесінде 09-жол бойынша - клиникалары жоқ ғылыми-зерттеу институттары, ғылыми орталықтар мен жоғары оқу орындары бойынша ақпарат көрсетіледі.

9. «Балалар үйі» 006-кестесінде жоспарлы орын саны және жылдың аяғындағы осы балалар үйіндегі тіркелген балалар саны көрсетіледі.

10. «Санаторийлік-сауықтыру және оңалту ұйымдары» 0007-кестесі дербес немесе меншік нысандарына қармастан ұйымдардың, министрліктердің, ведомстволардың, концерндер мен қауымдастықтардың, жыл бойғы және маусымдық ұйымдардың қарамағындағы ұйымдар толтырады.

2-бағанда палаталарды тығыздау мен сметадан тыс демалыс ұйымдарының жеке үйлерде жалдаған верандаларда ашылған төсектер мен орындарды қоспағанда бір айда ең көп ашылған төсектер саны көрсетіледі.

3-бағанда есепті жылы емделген және дем алған, кеткен адамдардың- оларға берілген жолдамалардың жалпы санынан жас тобына қарай жеке адамдардың с а н ы т о л т ы р ы л а д ы .

11. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 1-бөлімнің «Медицина қызметкерлерінің саны» 0001-кестесі:

01-жол \geq 02-13 жолдардың қосындысына (әр баған үшін);

1-баған \geq 2-бағанына (әр жол үшін);

1-бағанының 01-жолы = 17-нысанның 1000-кестесі 1- бағанының 1-жолына;

2-бағанының 01-жолы = 17-нысанның 1000-кестесі 2-бағанының 2-жолына;

1-бағанының 01-жолы = 1 және 2-бағандары 03-13 жолдардың қосындысына;

1- бағанының 14-жолы = 17-нысанның 1001-кестесі 1-бағанының 1-жолына;

2-бағанының 14-жолы = 17-нысанның 1001-кестесі 1-бағанының 2-жолына;

2) 2-бөлімнің «Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары»

0 0 0 2 - к е с т е с і :

01 жол = 2-20 жолдардың қосындысына (әр баған үшін);

ұйымдардың әрбір түрі бойынша (жолдар бойынша):

2-баған = 30¹-нысанның 3100-кестесі 1-бағанының 101-жолына;

3-бағаны = 30¹-нысанның 3100-кестесінің 3-бағанының 101-жолына;

4-бағаны = 30¹-нысанның 3100-кестесінің 4-бағанының 101- жолына;

5-бағаны = 30¹-нысанның 3100-кестесінің 8-бағанының 101-жолына;

6-бағаны = 30¹-нысанның 3100-кестесінің 9-бағанының 101-жолына;

7-баған = 30^1 -нысанының 1006-кестесі 2-бағанының 1-5 жолдардың қосындысына ;

8-бағаны = 30^1 -нысанының 1006-кестесі 4-бағананың 1-5 жолдардың қосындысына ;

3) 2-бөлімнің «Төсек қоры» 0003-кестесі:
1-бағанының 01-жолы = 1-бағанының 2-21 жолдардың қосындысына;

1-бағанының 01-жолы = 30^1 -нысанның 1-бағанының 101- жолына;

2-бағанының 1-жолы = 2-бағанының 2-21 жолдардың қосындысына;

4) 2-бөлімнің «Амбулаториялық - емханалық ұйымдар» 0004-кестесі:

01-жол = 02,16 жолдардың қосындысына;

02-жол = 03-15 жолдардың қосындысына;

16-жол = 17-20 жолдардың қосындысына (әр баған үшін);

әр ұйымдардың түрлері бойынша: 3-баған бойынша 1-20 жолдардың мағынасы = 30^1 -нысанның 1010-кестенің әрбір пункті бойынша мағынасына: 1-емхана, 2-балалар емханасы, 3-әйелдер консультациясы, 4-диспансер;

4-бағанның 1-20 жолдары = ұйымдардың тиісті түрлері бойынша 30^1 -нысанның 2100-кестенің 1-жолы бойынша 1, 5 бағандардың қосындысына;

6-баған = 30^1 -нысанның 1006-кестесінің 2-бағанына;

7-баған = 30^1 -нысанының 1006- кестесінің 4-бағанына;

5) 2-бөлімінің «Басқа медициналық ұйымдар» 0005-кестесі:

2, 3 бағандар = 40^2 нысанының 2100-кестесі 1-бағанның 01-жолына және 2300 кестесі 1-бағанына сәйкес;

6) 2 бөлімнің «Балалар үйі» 0006-кестесі:

01-жолы бойынша барлық бағандар 41^3 -нысанның 2140, 2130 және 2120-кестелерінің деректеріне сәйкес тең болады;

7) 2-бөлімнің «Қалпына келтіре емдеу және медициналық оңалту ұйымдары» 0007 - кестесі :

01-жол = әр бағанның 02, 03 жолдардың қосындысына;

3-баған (әр жол үшін) = 5-11 бағандардың қосындысына;

2-бағанның 3-жолы = 44^4 -нысанның 2-кестесі 2-бағанның 1-жолына;

3-бағанның 3-жолы = 44^4 -нысанның 3-кестесі 1-бағанның 1-жолына;

4-бағанның 3-жолы = 44^4 -нысанының 3-кестесі 2-бағанның 1-жолына;

5-11-бағандарының 3-жолы = 44^4 -нысанның 3-кестесі 1-бағанның 1-5 жолдарына ;

2-бағанның 3-жолы = 45^5 -нысанның 2-кестесі 2- бағанның 1-жолына;

3-бағанның 3-жолы = 45^5 -нысанның 2-кестесі 4-бағанның 1-жолына;

4-бағанның 3-жолы = 45⁵-нысанның 2-кестесінің 5-бағанның 1-жолына.

¹Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 742 бұйрығымен бекітілген «Медициналық ұйымдардың есебі» 30-нысан - (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 6586 тіркелген) ;

²Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 742 бұйрығымен бекітілген «Медициналық жедел жәрдем ұйымдарының есебі» 40-нысан (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 6586 тіркелген);

³Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 742 бұйрығымен бекітілген «Балалар үйінің есебі» 41-нысан (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 6586 тіркелген) ;

⁴Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 742 бұйрығымен бекітілген «Ересектерге арналған туберкулез санаторийлерінің есебі» 44-нысан (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 6586 тіркелген);

⁵Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 742 бұйрығымен бекітілген «Ересектерге арналған туберкулез санаторийлерінің есебі» 45-нысан (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 6586 тіркелген).

«Денсаулық сақтау саласындағы
желілер, кадрлар және қызметтер
туралы есеп» ведомстволық
статистикалық бақылау
статистикалық нысанын (коды
7011204, индексі 1-денсаулық,
кезеңділігі жылдық) толтыру
бойынша Нұсқаулыққа қосымша

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативі¹

1. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары :

1) алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары :

аудандық емхана (бұдан әрі - АЕ) тұрғын халқының саны 30000 (отыз мың) адамнан асатын аудан орталығында құрылады және консультациялық-диагностикалық бөлімшені, жалпы практика және (немесе) учаскелік қызмет бөлімшесін, жедел медициналық жәрдем станциясын (бөлімшесін), сондай-ақ алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін мынадай құрылымдық бөлімшелерді қамтиды: медициналық пункт бекітілген халқының саны 50 (елу) адамнан 800 (сегіз жүз) адамға дейінгі ауылдық елді мекендерде (бұдан әрі - АЕМ) құрылады;

фельдшерлік-акушерлік пункт бекітілген халқының саны 800 (сегіз жүз) адамнан 2000 (екі мың) адамға дейінгі АЕМ-де құрылады;

дәрігерлік амбулатория бекітілген халқының саны 2000 (екі мың) адамнан 10000 (он мың) адамға дейінгі АЕМ-де құрылады;

ауылдық емхана тіркелген халқының саны 10000 (он мың) адам және одан жоғары, халқы жинақы орналасқан АЕМ-де құрылады.

Тұрғын халқының саны 30000 (отыз мың) адамнан кем аудан орталығында аудандық орталық аурухананың құрылымдық бөлімшесі ретінде АЕ құрылады.

Қалалық емхана (бұдан әрі - ҚЕ) бекітілген тұрғын халқының саны 30000 (отыз мың) адамнан асатын қалаларда, бірақ кемінде бір ҚЕ құрылады және консультациялық-диагностикалық бөлімшені, жалпы практика бөлімшесін және (немесе) учаскелік қызмет бөлімшесін қамтиды;

дәрігерлік амбулатория климаттық-географиялық жағдайларды қоса алғанда, жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, бекітілген тұрғын халқының саны 30000 (отыз мың) адамнан кем қалаларда ҚЕ-ның құрылымдық бөлімшесі р е т і н д е қ ұ р ы л а д ы .

Республикалық маңызы бар қалада және астанада дәрігерлік амбулатория бекітілген тұрғын халқының саны 30000 (отыз мың) адамнан кем дербес заңды т ұ л ғ а р е т і н д е қ ұ р ы л а д ы ;

2) консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұ й ы м д а р ы :

консультациялық-диагностикалық орталық республикалық маңызы бар қалада және астанада дербес заңды тұлға ретінде құрылады.

Облыс орталықтарында консультациялық-диагностикалық орталық облыстық аурухананың құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылады.

2. Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары:

1) аудандық орталық аурухана (бұдан әрі - АОА) аудан орталығында құрылады және құрамына балалар, босандыру, бейінді және инфекциялық аурулар бөлімшелері, сондай-ақ ауылдық аурухана құрылым ретінде кіретін көп бейінді стационар түрінде ұсынылған.

Ауылдық аурухана климаттық-географиялық жағдайларды қоса алғанда,

жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, тұрғын халқының саны 5000 (бес мың) адамнан кем болмайтын шалғай АЕМ-де АОА құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылады;

2) ауданаралық аурухана тұрғын халқының саны 20000 (жиырма мың) адамнан кем бірнеше аудан үшін АЕМ-нің бірінде құрылады;

3) қалалық аурухана (бұдан әрі - ҚА) қалаларда (аудан орталығын қоспағанда) құрамына балалар, босандыру, бейінді және инфекциялық аурулар бөлімшелері құрылым ретінде кіретін көп бейінді стационар түрінде құрылады;

4) қалалық балалар ауруханасы тұрғын халқының саны 100000 (бір жүз мың) адамнан астам қалаларда құрамына бейінді және жұқпалы аурулар бөлімшелері құрылым ретінде кіретін көп бейінді стационар түрінде құрылады.

Тұрғын халқының саны 100000 (бір жүз мың) адамнан кем қалаларда ҚА-ның жанынан балалар бөлімшесі құрылады;

5) облыстық аурухана құрамына консультациялық-диагностикалық, босандыру, жұқпалы аурулар және соматикалық бөлімшелер, пациенттің тұрғын жеріндегі медициналық жабдықтың болмауына немесе медициналық ұйымда тиісті біліктілігі бар мамандардың болмауы салдарынан медициналық көмек көрсету мүмкін болмаған кезде халыққа шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімшесі (санитариялық авиация) құрылым ретінде кіретін көп бейінді стационар ретінде құрылады;

6) облыстық балалар ауруханасы құрамына бейінді және инфекциялық аурулар бөлімшелері құрылым ретінде кіретін көп бейінді стационар ретінде құрылады;

7) инфекциялық аурухана республикалық маңызы бар қалада және астанада құрылады;

8) перинаталдық орталық облыстық деңгейде, республикалық маңызы бар қалада, астанада құрылады;

9) туберкулезге қарсы аурухана (диспансер) аудандық және облыстық деңгейлерде, республикалық маңызы бар қалада және астанада құрылады;

10) онкологиялық аурухана (диспансер) облыстық деңгейде, республикалық маңызы бар қалада және астанада құрылады;

11) наркологиялық аурухана (диспансер) облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалада және астанада құрылады;

12) психиатриялық аурухана (диспансер) облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалада және астанада құрылады;

13) тері-венерологиялық аурухана (диспансер) облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалада және астанада құрылады;

14) лепрозорий республикалық деңгейде құрылады.

3. Жедел медициналық жәрдем және санитариялық авиация ұйымдары:

1) жедел медициналық жәрдем станциясы тұрғын халқының саны 100000 (бір жүз мың) адамнан астам қалаларда, облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалада және астанада құрылады.

Тұрғын халқының саны 100000 (бір жүз мың) адамнан кем қалаларда жедел медициналық жәрдем станциясы емхананың құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылады.

2) пациенттің тұрғын жеріндегі медициналық жабдықтың болмауына немесе медициналық ұйымда тиісті біліктілігі бар мамандардың болмауы салдарынан медициналық көмек көрсету мүмкін болмаған кезде халыққа шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімшесі (санитариялық авиация) облыстық аурухананың құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылады.

4. Апаттар медицинасы ұйымдары:

апаттар медицинасы орталығы республикалық деңгейде құрылады.

5. Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту ұйымдары: санаторий, мамандандырылған санаторий, профилакторий, оңалту орталығы облыстық және республикалық деңгейлерде құрылады.

6. Паллиативтік көмек және мейірбике күтімін көрсететін ұйымдар: мейірбике күтімі ауруханасы, хоспис аудандық маңызы бар қалаларда, аудан, облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалада және астанада стационарлық көмек көрсететін ұйымның мамандандырылған құрылымдық бөлімшесі ретінде немесе дербес заңды тұлға ретінде құрылады.

7. Қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар: қан орталығы облыстық және республикалық деңгейлерде, республикалық маңызы бар қалада және астанада құрылады.

8. Сот медицинасы және патологиялық анатомия саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар:

1) сот медицинасы орталығы облыс орталықтарындағы филиалдарымен республикалық деңгейде құрылады;

2) патологиялық анатомиялық бюро, орталықтандырылған патологиялық анатомиялық бөлімше және (немесе) патологиялық анатомиялық бөлімше облыстық деңгейде, республикалық маңызы бар қалада және астанада стационарлық көмек көрсететін ұйымның құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылады.

Аудандық деңгейде орталықтандырылған патологиялық-анатомиялық бөлімше және (немесе) патологиялық-анатомиялық бөлімше стационарлық көмек көрсететін ұйымының құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылады.

9. Фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары: дәріхана, алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау

ұйымдарындағы дәріхана пункті, шалғайдағы ауылдық жерлерге арналған жылжымалы дәріхана пункті, дәріхана қоймасы денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылады.

10. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары республикалық деңгейде құрылады :

- 1) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы;
- 2) санитариялық-эпидемиологиялық станция;
- 3) обаға қарсы станция;
- 4) дезинфекция станциясы.

11. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар: ғылыми орталық, ғылыми-зерттеу институты республикалық деңгейде, республикалық маңызы бар қалада және астанада құрылады.

12. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары: орта медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдары, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдары республикалық деңгейде, облыстық, аудандық (аудандық маңызы бар қалада) деңгейлерде республикалық маңызы бар қалада, астанада құрылады .

13. Салауатты өмір салтын қалыптастыру және дұрыс тамақтану саласындағы қызметтерді жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары: салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы (бұдан әрі - СӨСҚО) облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалада және астанада құрылады.

Аудан орталығында СӨСҚО облыстық СӨСҚО-ның құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылады .

14. АИТВ/ЖИТС алдын алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары :

ЖИТС-тың алдын алу және күресу жөніндегі орталық облыстық деңгейде, республикалық маңызы бар қалада және астанада құрылады.

15. Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық холдинг республикалық деңгейде құрылады .

¹ - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2131 қаулысымен бекітілді.